

**Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 25 шілдедегі № 34-175 "Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Алматы облысы мәслихатының 2022 жылғы 8 тамыздағы № 24-117 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 10 тамызда № 29076 болып тіркелді

Алматы облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Алматы облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемерін бекіту туралы" 2018 жылғы 25 шілдедегі № 34-175 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4781 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 14-бабының 2) тармақшасына, 88-бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 587-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 13 қыркүйектегі № 383 "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін есептеудің әдістемелік нұсқаулықтарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17560 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты ШЕШТІ:".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облыстық мәслихаты  
хатшысының міндетін атқарушы*

*Е. Абитов*